

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 75 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 наурызда № 32140 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 62) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 19.06.2023 № 176 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік жасайтын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министри

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Корғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрі  
2023 жылғы 28 наурыздагы  
№ 75 бұйрығымен  
бекітілген

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында (бұдан әрі - ТжКОБ) оқытудың кредиттік технологиясы (бұдан әрі - ОКТ) бойынша оқу процесін үйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың педагогтердің шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін үйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

2) академиялық кезең (Term) (терм) – семестр түрінде білім беру үйымы өзі белгілейтін теориялық және практикалық оқыту кезеңі;

3) академиялық кредит – білім алушының және (немесе) педагогтің оқу және (немесе) ғылыми оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

4) академиялық сағат – оқу сабактарының немесе оқу жұмысының басқа да түрлерінің ұзақтығын өлшеу бірлігі, әскери, арнаулы оқу орындарында (бұдан әрі – ӘАОО) 1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең, ТжКОБ үйымдары үшін - 45 минут, оқу процесінің кестесін, оқу сабактарының кестесін жасау кезінде, оқу-жаттығу сабактарын жоспарлау мен өткізу кезінде, өткен оқу материалын есепке алу, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау мен оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады;

5) белсенді үлестірме материалдар (Hand-outs) (ханд-оутс) – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты менгеруі үшін оқу сабактарында таратылатын

көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс жасауға арналған тапсырмалар);

6) білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, біліктері, дағдылары және құзыреті;

7) білім алушыларды қорытынды атtestаттау – олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін менгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

8) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (рейтинг) – білім алушының аралық атtestаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін менгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

9) жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде білім алушының ТжКОБ беру үйымының көмегімен әр оқу жылына дербес құрастыратын оқу жоспары;

10) кредиттік оқыту технологиясы – академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

11) модуль – білім алушылардың алған білімдері, іскерліктері, дағдылары, құзыреттері және бағалаудың барабар критерийлері нақты тұжырымдалған білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері түрғысынан аяқталған құрылымдық элементі;

12) модульдік оқыту – білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін және (немесе) модульдерді модульдік құрылым негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

13) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі –халықаралық тәжірибеде қабылданған сандық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

14) педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ПСӨЖ) – сабак кестесі бойынша жүргізілетін студенттің жұмысы;

15) постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – оқу үшін білімді, іскерлікті, дағдыны және пәндерді менгергеннен кейін қалыптасатын құзыреттерді талап етіletіn пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері;

16) пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – оқытылатын пәнді және (немесе) модульді менгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағды мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері;

17) студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жұмыс; СӨЖ барлық көлемі білім алушыдан өз бетінше жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады;

18) транскрипт (Transcript) (транскрипт) – тиісті оқу кезеңіндегі академиялық кредиттер мен бағалары көрсетілген, игерілген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының өзге де түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

19) үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) (Грейд Пойнт Эверейдж) – таңдал алған бағдарлама бойынша белгілі бір кезең аралығында білім алушының қол жеткізген оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық баламасының кредит туындылары сомасының аталған оқу кезеңіндегі жұмыс түрлеріне берілген кредиттердің жалпы санына қатынасы);

20) формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімі және нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын білім беру түрі және оқыту нәтижелерін растайтын құжат берумен бірге жүргізіледі;

21) элективті пәндер және (немесе) модульдер – білім беру бағдарламасын менгеру кезінде міндетті түрде оқу үшін білім алушылар таңдайтын құзыреттерді кеңейту және (немесе) терендетуге бағытталған оқу пәндері және (немесе) модульдер;

### 3. ОКТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1) біліктілікті оқыту нәтижелерімен сипаттау;

2) мазмұны мен құрылымын көрсететін нақты біліктіліктің құрамдас элементтері болып табылатын құзыреттерді қалыптастыратын оқыту нәтижелерін топтастыру;

3) білім алушылардың өзіндік жұмысының рөлі мен тиімділігін күштейту;

4) формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін есепке алу арқылы академиялық кредиттер беру;

5) бақылау мен бағалаудың тиімді және ашық рәсімі арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

### 4. ОКТ мыналарды:

1) әрбір оқу пәні және (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша оқу материалының көлемін өлшеу және білім алушылар мен педагогтердің еңбек шығындарын бағалау үшін академиялық кредит жүйесін енгізу;

2) ӘАОО қоспағанда, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогына (бұдан әрі – ЭПК / ЭМК) енгізілген оқу пәндерін таңдау еркіндігін;

3) оқытудың интерактивті әдістері мен инновациялық технологияларын қолдануды;

4) білім беру бағдарламасын менгеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруды;

5) оқу процесін ұйымдастыруда, ТжКОБ білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда оқу орнының академиялық еркіндігін;

6) оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуді;

7) оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушылардың оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалаудың тиімді әдістерін;

8) әр оқу пәні және (немесе) модуль және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалануды қамтиды.

## **2-тарау. ТжКОБ ұйымдарында ОКТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі**

### **1-параграф. Оқыту нәтижелеріне негізделген білім беру бағдарламалары**

5. Жұмыс оқу жоспарлары және жұмыс оқу бағдарламалары білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді.

Білім беру бағдарламалары оқу орнына, нысаны және мерзіміне қарамастан оқытудың бүкіл кезеңі ішінде біліктілік беру үшін кредиттерді бағалау және растау арқылы оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, іске асырылады.

ӘАОО-да білім беру бағдарламасының мазмұны жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқуды, далалық жиындар және әскери тағылымдамадан өтуді көздейді.

6. Жұмыс оқу жоспарында әр оқу пәнінің және (немесе) модульдің тізбесі мен еңбек сыйымдылығы кредитпен анықталады, оларды оқыту тәртібі, оқу қызметінің түрлері және бақылау нысандары, аудиториялық сабактарға бөлінетін сағат көлемі; педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына (ПСӨЖ) бөлінетін сағат көлемі; студенттердің өзіндік жұмысына (СӨЖ) бөлінетін сағат көлемі қарастырылады.

Жұмыс оқу жоспары білім алушы мен педагогтің оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеуге негіз болады.

Жұмыс оқу жоспары оқытудың барлық кезеңіне әзірленеді және оны білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

ӘАОО-ның жұмыс оқу жоспарында әр оқу пәнінің тізбесі мен еңбек сыйымдылығы кредитпен анықталады, оларды оқыту тәртібі, оқу қызметінің түрлері және бақылау нысандары қарастырылады.

ӘАОО-ның жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 31 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 13342 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес әзірленеді.

7. ӘАОО қоспағанда, білім беру үйымы әр білім беру бағдарламасы бойынша ЭПК/ЭМК әзірлейді.

ЭПК/ЭМК білім алушыларға жеке білім беру траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін және (немесе) модульдерді баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

8. ӘАОО қоспағанда, білім беру үйымы білім беру бағдарламасы және ЭПК/ЭМК негізінде білім алушылармен бірлесе отырып ЖОЖ әзірлейді.

ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайды, ЖБТ таңдау бойынша компонентті өзектендіру негізінде пререквизиттер мен постrekвизиттерді ескере отырып құрастырылады.

ЖОЖ-ға пәндер және (немесе) модульдер мен оқу қызметінің түрлері енгізіледі. ЖОЖ нысаны мен құрылымын білім беру үйымы дербес айқындайды.

9. Білім беру үйимдары оқу жұмыс бағдарламаларын "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №20317 болып тіркелген) сәйкес оқыту нәтижелеріне бағдарлай отырып, барлық пәндер және (немесе) модульдер бойынша өздері әзірлейді.

## **2-параграф. ОКТ бойынша оқу процесі**

10. Оқу процесін үйимдастыру білім беру үйимының басшысымен бекітілетін оқу процесінің кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқу процесінің кестесінде білім беру бағдарламаларын жылдар бойынша іске асырудың реттілігі көрсетіледі.

Оқу процесінің кестесі академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, каникулдардан, кәсіптік практикан және (немесе) өндірістік оқытудан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі енгізіледі.

Академиялық кезеңдер мен каникул ұзақтығын білім беру үйимдары өздері анықтайды.

ӘАОО-да оқу жылы 52 аптаны, оның ішінде демалыс кемінде 6 аптаны құрайды.

11. Білім беру үйымы оқу процесін ақпараттық көздермен: оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен және әзірлемелермен, белсенді үлестірме материалдармен және дербес жұмыстар жөніндегі нұсқаулармен, электронды оқулықтармен, желілік білім ресурстарына қолжетімдікпен толық көлемде қамтамасыз етіледі.

12. Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оку, өндірістік, диплом алдындағы (ӘАОО үшін әскери тағылымдама) болып табылады.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны ТжКОБ беру үйіммен бекітілген жұмыс оку жоспарларымен және жұмыс оку бағдарламаларымен анықталады.

ӘАОО-да практиканың барлық түрлерінің ұзақтығы (далалық шығу, полигондарда, әскери тағылымдама, оку-жаттығу) апталармен айқындалады және аптасына 54 сағатқа дейін оку сабактары есебінен жоспарланады.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің немесе кәсіптік модульдің (ӘАОО қоспағанда) жалпы көлемінің кемінде 40% - ын құрайды.

13. Педагог қызметкерлердің оку жүктемесін жоспарлау педагогтің білім алушымен байланыс жұмысының уақытын білдіретін кредиттермен немесе академиялық сағаттармен жүзеге асырылады. Оку жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 24 (жиырма төрт) академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оку жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 45 минутқа тең.

14. ОКТ-да білім алушының өзіндік жұмысы екіге бөлінеді: педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ПСӨЖ) және толығымен студенттердің өздері орындағышын жұмыс (СӨЖ).

ПСӨЖ педагогтердің міндетті түрде төленетін жүктемесіне енгізіледі.

15. СӨЖ-нің барлық көлемі білім алушыдан өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады, ол педагогтердің төленетін жүктемесіне кірмейді.

16. Оку қызметінің барлық түрлері бойынша аудиторлық жұмыс, ПСӨЖ мен СӨЖ арасындағы уақыттың өзара қатынасын оку орны дербес анықтайды. Аудиторлық жұмыс пен ПСӨЖ көлемі жылына 60 кредитті/1440 сағатты құрайды, бұл ретте, ПСӨЖ көлемі әр пән және (немесе) модуль көлемінің отыз пайзынан аспайтын көлемді құрайды. СӨЖ көлемі жылына 15 кредитті/360 сағатты құрайды.

17. Білім алушылардың оку жетістіктерін бақылау жүйесін үйімдастыруды оку бөлімі жүзеге асырады.

Оку бөлімі транскрипте көрсетілетін оқудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оку жетістіктерінің тарихын жүргізеді. Транскрипт оқудың кез келген кезеңінде білім алушының сұрауы бойынша беріледі.

18. Оку пәндері және (немесе) модульдер және оку жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін білім алушыға академиялық кредиттерді беру олар қол жеткізген оку нәтижелері он бағаланған кезде жүзеге асырылады.

Формальды және формальды емес білім беру арқылы білім алушылардың қол жеткізген оқыту нәтижелері мен оң бағалары ТЖКОБ ұйымдарымен академиялық кредиттерді қайта есептеумен танылады.

Сертификат немесе оқуды аяқтау туралы күнделік оқу нәтижелерін растайтын құжаттар болып табылады.

Оқыту нәтижелерін тану үшін білім беру үйімі комиссия құрады. Комиссия құрамына білім беру үйіміның педагогтері кіретін мүшелердің тақ санынан тұрады. Комиссия мүшелерінің ішінен көпшілік дауыс беру арқылы комиссия төрағасы сайланады, ол комиссия қызметіне басшылық етеді, ол болмаған жағдайда оның міндетін төрағаның орынбасары атқарады. Комиссия хатшысының функцияларын комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру үйіміның маманы орындайды.

Комиссия шешімі еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді. Хаттамалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген мемлекеттік және мемлекеттік емес үйімдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Комиссия шешімі негізінде оқыту нәтижелерін бағалау студенттің транскриптіне енгізіледі.